

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.1, Ч.II. – Б.209-210.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРҒАҚ ДАЛА АЙМАҒЫ ЖАҒДАЙЫНДА НОҚАТ DAҚЫЛЫН ӨСІРУ ТИІМДІЛІГІ

Ғабдола Ә.Ж., 1 – курс докторанты

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы

Ноқат - дәнді-бұршақ дақылдарына жататын маңызды азықтық және малазықтық дақыл. Басқа бұршақ дақылдарымен салыстырғанда ноқат әртүрлі климаттық жағдайларға бейімделгіш болып келеді. Сонымен қатар оның агротехникалық жақтан да маңыздылығы жоғары.

Ноқат егіс алаңы бойынша екінші орынды, ал дәнді-бұршақ дақылдарының өндірісі бойынша үшінші орынды иеленеді. Ноқат климаты құрғақ болып келетін 55-тен астам мемлекетте өсіріледі. Азия, Африка және Жерорта теңізі елдерінде ноқат кең қолданыс тапқан, сонымен қатар халық саны күн санап өсіп келе жатқан елдерде (Үндістан, Пәкістан, Мексика, Эфиопия) маңызды азық – түліктік дақыл болып есептеледі. Ноқатқа деген қызығушылық елімізде соңғы жылдары ұлғайып келеді, себебі ноқат өсіру экономикалық жағынан тиімді, яғни әлемдік нарықтағы 1 тонна ноқаттың бағасы 1 тонна бидайдан 5 есе қымбат [1].

Соңғы мыңжылдықта климат жаһандықтық өзгеріске, оның ішінде күрт жылынуға ұшырауда. Қазіргі таңда жиі кездесетін қуаңшылық жағдайында құрғақшылыққа төзімді дақылдарды өсірудің маңыздылығы артып отыр, сондай дақылдың бірі – ноқат. Жаһандық жылырудың салдарынан құрғақшылыққа төзімді дақылдарды өсіру аймағын кеңейту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы дақылдарын диверсификациялау және топырақ жағдайын жақсарту мақсатында елімізде ноқат өсірудің перспективі жоғары. Ноқат құрғақшылыққа, ыстыққа, суыққа, аурулар мен зиянкестерге төзімді және комбайнмен жинауға қолайлы, бұл жағдайлардың барлығы - оған деген сұраныстың артуына себепші [1].

Еліміздің солтүстігі шұғыл континентальды климат жағдайымен ерекшеленді. Жиі қайталантын құрғақшылық ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігіне теріс әсерін тигізеді, сондықтан ноқат өзінің биологиялық ерекшеліктеріне байланысты құрғақшылық жағдайда өсіруге тиімді таптырмас дақыл болып табылады. Ноқат құрғақшылық кезінде өсуін тоқтатып, оңтайлы жағдайда өсуін қайта жалғастырады, ал егер жылу мен ылғал жеткілікті болса, жоғары өнім де қалыптастырады [2].

Абиотикалық жағдайларға төзімділігінен басқа ноқат өсірудің басқа да тиімді жақтары бар. Оған мысал ретінде әлемдегі, оның ішінде Қазақстандағы, халықты ақуызбен қамту мәселесін қарастыруға болады. Ноқат тұқымдарындағы майдың мөлшері 8%, ал барлық алмастырылмайтын аминқышқылдарын қамтитын ақуыз мөлшері 20,1 – 32,4% аралығында болады, оған қоса ноқат витаминдердің және минералды заттардың көзі болып табылады. Ноқат тұқымдарында биологиялық құнды ақуыздан басқа фосфор, калий, мырыш, марганец сынды химиялық элементтер де кездеседі. Ноқаттың тағы да бір маңызды ерекшелігі – оның құрамындағы барлық зат қоректік болып табылады және оны танаптан жиналған қалпында қолдануға болады [3,4].

Ноқат негізінде жасалған мал азығы мал шаруашылығы өнімінің сапасына оң әсерін тигізеді. Малдардың қоректену рационына ноқатты енгізу басқа ақуыздар мен көмірсулар мөлшері жоғары мал азықтарының қорытылуын жақсартады [5].

Ноқаттың тағы бір маңыздылығы – оның ауадан азотты сіңіру қабілеті. Арнайы препараттармен өңделген ноқат тұқымдары топырақта көп мөлшерде азот жинақтап, дәнді дақылдардың және басқа да дақылдардың өнімділігін көбейтеді. Сонымен қатар ноқат – құрғақшылық жағдайда көптеген дақылдар үшін жақсы алғы дақыл. Солтүстік Қазақстанда ноқаттан кейін орналастырылған жаздық бидайдың өнімділігі басқа алғы дақылдармен салыстырғанда 15-30% - ға жоғары болған. Бұдан басқа қолайсыз жағдайларда да ноқат жоғары өнім беріп, сақтандырғыш дақылға да жатқызыла алады [5,6,7].

Агротехникалық жағынан ноқат топырақты қалпына келтіруші және жақсартушы дақыл болып есептеледі. Ноқаттың шашылмауы оны тура комбайндау арқылы жинауға мүмкіндік береді. Ноқаттың зиянкестерге жоғары төзімділігі химиялық препараттармен өңдеуді азайтады [6].

Қорытындылай келе, жоғарыда айтылған мәселелерді ескере отырып, ноқат өсірудің Солтүстік Қазақстан үшін қаншалықты маңызды екендігін көріп отырмыз. Солтүстік Қазақстанның құрғақ дала аймағында ноқат өсіру көптеген мәселелердің шешімі бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Кудайбергенов М.С.. Урожайность коллекционных образцов нута при перезимовке в условиях Юго-Востока Казахстана [Текст]/ Кудайбергенов М.С., Булатова К.М., Байтаракова К., Мазкират Ш. //Серия «Биология. Медицина. География». № 4(88)/2017 – 2017 – 35-41 б.
- 2 Вавилов П.П. Бобовые культуры и проблема растительного белка [Текст]// Вавилов П.П., Посыпанов Г.С.-М.: Россельхозиздат, 1983 - 255 б.
- 3 Зотиков В. И. Зернобобовые культуры-источник растительного белка [Текст]//Орел: ГНУ ВНИИЗБК. – 2010. – Т. 20. – С. 265.
- 4 Булынцев С. В., Новикова Л. Ю., Гриднев Г. А., Сергеев Е. А. Корреляционные связи селекционных признаков, определяющих

продуктивность образцов нута (*Cicer arietinum* L.) из коллекции ВИР в условиях Тамбовской области [Текст]// С.-х. биол., Сельхозбиология, S-h biol, Sel-hoz biol, Sel'skokhozyaistvennaya biologiya, Agricultural Biology. 2015. №1.

5 Суханбердина Л.Х., Рахимгалиева С.Ж.,Хон В.Н., Денизбаев С.Е., Володин М.А. Ноқат дақылын Батыс Қазақстан облысында өсіру технологиясы. Ұсынымдар./Ғылыми басылым//Орал – 2015 – 3-11 б.

6 Терешкова Н. П., Есенбаева Г. Л. Зернобобовые в Северном Казахстане [Текст]// Зерновые культуры. - 1992. - № 2-3. - 11-12 б.

7 Сергалиев Н.Х., Вьюрков В. В., Кожемяков А. П., Лактионов Ю. В., Тлепов А. С., Аменова Р. К., Джапаров. Р. Ш., Жылкыбаев Б. Б. Применение минеральных удобрений и микробных препаратов при выращивании нута в приуралье. [Текст]/ Қазақстан ғылымының жаңалықтары. Шығ. 2 (116). 2013 – 90 – 97 б.